

6. Muhina V. *SDetskaya psihologiya / Muhina V.S / pod red. L.A.Venger. –Prosveenie, 1985. Vyp.2*
7. Baimuratova B.B. *Mektep jasyна deiingi balalardyñ bailanystyryp söileu tilin damytu / – Almaty: Mektep, 1976.– 72c.*
8. Beisenbekova G.B. *Kişi jastaғы oquşy tұлғасыnyñ psihologiyalyq-pedagogikalyq diagnostikasy. – Qarağandy, 2012. Vyp. ekinşi bas– 122c.*
9. Davydov D. *Problemy razvivaego obucheniya / – Direktmedia Pablišing, 2008.– 613c.*
10. Tūrғанbaeva B.Ş. *Bastauyş synyp oquşylarynyñ mektepke beiimdeluindegi qiyñsylyqtardy jeñu joldary // Pmu habarşysy – 2015. – S.206–213.*
11. Brown J. *Children adaptation at school: first graders and fifth graders difficulties | FindMyKids Blog [Elektronnyi resurs]. URL: <https://findmykids.org/blog/en/children-adaptation-at-school>.*
12. Ganieva F.S-A. *Í dr. Psihologicheskaya gotovnost rebenka k obucheni v škole // Ízvestiya chechenskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo instituta – 2020. – T. 28 – № 2 (30) – S.89–93.*

ӘОЖ 372.24

МРНТИ 14.23.17

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5496.24>

Асылбек А.М.,^{1*} Бельгибаева Г.К.,¹ Көшкімбаев Қ.Т.¹

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЗАТТЫҚ-КЕҢІСТІКТІК ДАМУ ОРТАСЫН ҚҰРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымының заттық-кеңістіктік даму ортасын құру және ұйымдастыру мәселелерінің өзектілігі қарастырылады. Себебі, мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында орта маңызды фактор болып табылады. Белгілі бір білім беру ортасы бар мектепке дейінгі ұйымдар ғана өмірлік және кәсіби мәселелерді шешуде шығармашылық көзқарасымен ерекшеленетін, белсенді, тәуелсіз, бастамашыл қасиеттерге ие, өзге адамдармен қарым-қатынас жасауға және өзара әрекеттесуге қабілетті тұлғаны қалыптастыра алады. Ал мұндай тұлға қазіргі қоғамның тез өзгеретін жағдайына оңай бейімделеді. Тұлға қалыптастыру үшін мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік ортасы мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сай болуы қажет. Мақаланың өзектілігі заттық-кеңістіктік даму ортасының мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы дамуына әсерін анықтау және оны ұйымдастыруда мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілерінде кездесетін қиындықтарды анықтаумен, мектепке дейінгі білім беру ұйымының заттық-кеңістіктік даму ортасы жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың дамуының маңыздылығын мойындау мен қоршаған ортаны ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсыныстардың жеткіліксіз дамуы арасындағы қарама-қайшылықтың болуымен байланысты. Заттық-кеңістіктік орта мектеп жасына дейінгі баланың түрлі әрекеттерін қамтамасыз етеді, жеке белсенді әрекетінің негізін қалайды. Баланың негізгі әрекеті ретінде ойын жетекші рөл атқарады. Ойын әрекетін ұйымдастыруда, қарым-қатынас мәдениетін жүйелеуге қажетті мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық қиялын қалыптастыруда заттық-кеңістіктік орта ерекше орын алады.

Түйін сөздер: заттық-кеңістіктік орта, ойын әрекеті, қағидаттар, тұтастық, вариативтілік, педагогикалық процесс, даму ортасы, конструктивті аймақ.

Асылбек А.М.,^{1*} Бельгибаева Г.К.,¹ Кошкумбаев К.Т.¹

¹Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан

ЭФФЕКТИВНОСТЬ СОЗДАНИЯ ПРЕДМЕТНО-ПРОСТРАНСТВЕННОЙ РАЗВИВАЮЩЕЙ СРЕДЫ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ

Аннотация

В статье рассматривается актуальность проблем создания и организации предметно-пространственной развивающей среды в дошкольной образовательной организации. Это связано с тем, что средняя школа является важным фактором в развитии детей. Дошкольные организации с определенной образовательной средой могут формировать личность, отличающуюся творческим подходом к решению жизненных и профессиональных проблем, обладающую такими качествами, как активность, самостоятельность, инициативность, умение общаться, взаимодействовать с другими людьми. А такая личность легко приспосабливается к быстро меняющимся условиям современного общества. Предметно-пространственная среда дошкольной организации для формирования личности должна соответствовать требованиям государственного образовательного стандарта. Актуальность статьи обусловлена выявлением влияния предметно-пространственной развивающей среды на общее развитие дошкольников и выявлением трудностей, с которыми сталкиваются воспитатели ДОО в ее организации, наличием противоречия между признанием значимости развития дошкольников в условиях предметно-пространственной развивающей среды ДОО и недостаточным развитием методических рекомендаций по организации среды. Предметно-пространственная среда обеспечивает различные виды деятельности дошкольника, закладывает основы его индивидуальной активной деятельности. В качестве основной деятельности ребенка выступает игра, которая играет ведущую роль. Особое место в организации игровой деятельности, в формировании творческого воображения дошкольника занимает предметно-пространственная среда, необходимая для систематизации культуры общения.

Ключевые слова: предметно-пространственная среда, игровая деятельность, принципы, целостность, вариативность, педагогический процесс, развивающая среда, конструктивная зона.

Asylbek A.M.,^{1*} Belgibayeva G.K.,¹ Koshkumbaev K.T.¹

¹Karaganda University named after academician E.A. Buketov, g. Karaganda, Kazakhstan

THE EFFECTIVENESS OF CREATING A SUBJECT-SPATIAL DEVELOPMENT ENVIRONMENT IN A PRESCHOOL ORGANIZATION

Abstract

The article considers the relevance of the problems of creating and organizing a subject-spatial developing environment in a preschool educational organization. This is due to the fact that secondary school is an important factor in the development of children. Preschool organizations with a certain educational environment can form a personality characterized by a creative approach to solving life and professional problems, possessing such qualities as activity, independence, initiative, ability to communicate, interact with other people. And such a person easily adapts to the rapidly changing conditions of modern society. The subject-spatial environment of a preschool organization for the formation of a personality must meet the requirements of the state educational standard. The relevance of the article is due to the identification of the influence of the subject-spatial developing environment on the overall development of preschoolers and the identification of difficulties faced by preschool educators in its organization, the presence of a contradiction between the recognition of the importance of the development of preschoolers in the context of the subject-spatial developing environment of preschool and the insufficient development of methodological recommendations for the organization of the environment. The subject-spatial environment provides various types of preschool child's activities, lays the foundations for his individual active activity. The main activity of the child is the game, which

plays a leading role. A special place in the organization of play activities, in the formation of the creative.

Keywords: subject-spatial environment, game activity, principles, integrity, variability, pedagogical process, development environment, constructive zone.

Кіріспе. Мектеп жасына дейінгі баланың тұлға ретінде қалыптасып, дамуына арнайы ұйымдастырылған, табиғи, әлеуметтік және т.б. факторлар әсер етеді. Сондықтан, ғалымдар жеке тұлғаны дамыту факторы ретінде қоршаған ортаны баланың өмір сүретін ортасынан ажыратып қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, психология ғылымдарының кандидаты, доцент В.А. Соснин атап өткендей, қоршаған орта – бұл “объектінің жұмыс істеуі мен дамуына тікелей немесе жанама әсер ететін кеңістік, қоршаған орта”. Сауатты ұйымдастырылған заттық-кеңістіктік даму ортасының арқасында мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін жүзеге асырады, қоршаған ортамен өзара әрекеттесу арқылы еркіндігін көрсетеді. Алдымен «қоршаған орта», «заттық орта», «кеңістіктік орта», «даму ортасы» секілді ұғымдарды не қамтитынын талдау қажет [1, 62 б.].

Л.С. Выготский “мектеп жасына дейінгі баланың дамуы материалдық шындықпен, яғни қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатудан басталады” деп атап көрсетсе, Н.В. Микляева “болашақта баланың дамуы адамгершілікті, әлеуметтік тәжірибені және айналадағы заттармен, адамдармен қарым-қатынасты қалыптастыруға әсер ететін әлеуметтік білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады” деп пікір қосты.

Мектепке дейінгі ұйымдардың маңызды міндеті педагогикалық процесті жетілдіру және әрбір баланың шығармашылық қызметін қамтамасыз ететін, баланың өз белсенділігін көрсетуге және өзін барынша толық іске асыруға мүмкіндік беретін дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы балалармен білім беру жұмысының дамытушы әсерін арттыру болып табылады [2, 253 б.].

Қазіргі уақытта отандық педагогика мен психологияда мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы ортаны құру негізінде балаларды тәрбиелеу мен оқытудың бай тәжірибесі жинақталған: ерте және мектеп жасына дейінгі балаларға арналған дамытушы ойыншықтар мен дидактикалық құралдар жүйесін құру; балалар мен ересектер үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасау мақсатында мектеп жасына дейінгі ұйымдардың интерьерінің сәулеттік-жоспарлау шешімдерін қалыптастыру; дамытушы ортаны құру қағидаттары негізінде мектеп жасына дейінгі ұйымдағы педагогикалық процесті материалдық-техникалық қамтамасыз етуді өзгерту. Барлық осы зерттеулердің ерекшелігі – балалар мен ересектердің жеке тұлғаға бағытталған өзара әрекеттесу моделіне сүйене отырып, оны педагогикалық процесте ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін қарастыратын дамытушы ретінде заттық-кеңістіктік ортаны құруға көбірек көңіл бөлу [3, 109 б.].

Материалдар мен зерттеу әдістері. Заттық-кеңістіктік орта ерте жастағы балалардың дамуындағы маңызды фактор болып табылады. Баланың жеткілікті дамуы үшін, балалар жарқын, әсерге толы әлемді қабылдауы үшін жағдай жасау қажет. Ерте жастағы балалар тобында заттық-кеңістіктік (ойын) ортаны құру баланың жеткілікті дамуы үшін, жетекші іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті шарт болып табылады: заттық және сюжеттік-бейнелеу ойындары, танымдық және өнімді іс-шаралар. Ерте жастағы балалардың дамуында заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға аса қажетті мән беріледі.

Бұл зерттеудің мақсаты мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-кеңістіктік ортада бала дамуына ерекше назар аударып, мектепке дейінгі ұйымда дамытушы заттық-кеңістікті ортаны ережеге сай, ұтымды, дұрыс қолдану барысындағы зерттеулердің нәтижелерін ұсыну, заттық-кеңістіктік мазмұнды зерттеу, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің даму ортасын анықтау, оның қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау. Зерттеу әдістері екі бағытта өткізілді: теориялық – талдау және жалпылау, эмпирикалық – бақылау және өзін-өзі бағалау. Әдістеменің мақсаты – мектепке дейінгі ұйымда баланың дамуы мен білім беру процесін қамтамасыз ете алатын материалдар мен жабдықтарды бағалау өлшемдерін белгілеу. Қоршаған ортаға қойылатын негізгі талаптар кез-келген бағдарлама бойынша жұмыс істейтін балалар мекемесі үшін тұрақты болап қалады, өйткені оны құруға арналған нұсқаулар нақты бағдарламаға емес,

мектеп жасына дейінгі баланың дамуының негізгі факторларына негізделген. Сонымен бірге, бұл материалдар белгілі бір бағдарламаны шешуге қажетті кез-келген құралдармен толықтырылуы мүмкін.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы дамуына бағытталған мектепке дейінгі білім беру ұйымының заттық-кеңістіктік дамыту ортасын құру және ұйымдастыру бойынша зерттеу жұмысын жүзеге асыру кезінде келесі талаптар мен принциптерге сүйену керек:

- мектепке дейінгі ұйым, оның топтары кеңістігінің, сондай-ақ ұйымға іргелес аумақтың білім беру әлеуетін, әрбір жас кезеңінің ерекшеліктеріне сәйкес мектепке дейінгі жастағы балаларды дамытуға арналған материалдарды, жабдықтарды барынша іске асыру, олардың денсаулығын сақтау және нығайту, олардың даму ерекшеліктері мен кемшіліктерін есепке алу және түзету;

- балалар (соның ішінде әр түрлі жастағы балалар) мен ересектердің қарым-қатынасы
- мен бірлескен іс-әрекеті, балалардың қозғалыс белсенділігі;
- түрлі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- инклюзивті білім беруді ұйымдастыру жағдайында оған қажетті жағдайлар;
- білім беру қызметі жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климатты жағдайларды есепке
- алу, балалардың жас ерекшеліктерін есепке алу [4, 195 б.].

Баланы жан-жақты тәрбиелеу, оның дүниетанымын жетілдіру, заттық орта туралы түсінік ой өрісін дамытып, еңбекке баулу мектепке дейінгі ұйымдардағы барлық топтарға бірдей ортақ міндеттер. Мектепке дейінгі ұйымдардың топтарында заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру кезінде күрделі, көп жоспарлы, жоғары шығармашылық әрекет қажет. Себебі ойыншықтардың алуан түрлі болуы баланың дамуына негізгі жағдай болып табылмайды. Мақсатқа сай ұйымдастырылған заттық-кеңістіктік дамытушы орта баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде үлкен рөл атқарады. Дұрыс ұйымдастырылған заттық-кеңістіктік дамытушы орта балаларда қуаныш сезімін, балабақшаға деген жағымды эмоциялық қарым-қатынасты, балабақшаға деген қызығушылық тілегін жігерлендіреді, жаңа әсерлер мен білімдерін байытады, белсенді шығармашылық әрекетті тудырады, мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік, әлеуметтік дамуына мүмкіндік береді. Дамытушы заттық-кеңістік орта бала тәрбиелеуде ең маңызды факторлардың бірі болып табылады, сондықтан да дамытушы ортаны жабдықтаған да оны өзгертуге және толықтыруға болатындай етіп жабдықтаған дұрыс.

Осы орайда, З.П. Красношляктың пікірінше, «мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы заттық-кеңістіктік даму ортасы оның бейімділігін ескере отырып, әр баланың жеке қасиеттерін тиімді дамытуға мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастырылған, қызығушылық, белсенділік деңгейі болуы қажет». Сондықтан заттық-кеңістіктік даму ортасы мектепке дейінгі тәрбие мақсаттары мен міндеттерін іске асырудың ажырамас негізгі шарты болып табылады.

С.Г. Добротворскаяның пікірінше, мектепке дейінгі білім беру ұйымында заттық-кеңістіктік дамыту ортасын құру және ұйымдастыру «қоршаған ортадағы баланың өмірінің барлық ерекшеліктерін ұсынуға мүмкіндік береді».

Сонымен қатар, балалардың білімге құқығын қамтамасыз ету үшін дамытушы ортаның негізгі сипаттарын анықтау қажет, олар мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымының жеке даралығына және оны «мінсіз» мектепке дейінгі ұйым деген түсінікке қарамастан қарастырылуы керек.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-кеңістіктік дамыту ортасы белгілі талаптарға жауап береді. Мәселен, баламен тақырыпқа, ойын желісіне, сол немесе басқа ойыншықтарға, ойынның орны мен мерзіміне еркін жету. Сонымен бірге балалар белгілі оқу бағдарламасы бойынша жұмыс жасайтын мектепке дейінгі ұйымда болатын сол жағдайды және мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктерін ескермеуге болмайды. Бұл мектепке дейінгі ұйымда балалармен ойнау құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барынша ыңғайлы күн тәртібіндегі уақыт емес, сонымен бірге ыңғайлы орын бөлу. Көптеген белгілі оқыту бағдарламалары бар. Атап өтетін болсақ, Джорж Сорос ұсынған «Тэй-тэй» технологиясы. Оның ерекшелігі – орталықтарға бөлініп, шағын топпен жұмыс атқару, бір-бірінің сөзін тыңдауға ынтымақтастыққа баулуға дағдыландырады. Белгілі педагог Мария Монтессоридің «StepbyStep» атты жүйесін атап өтуге

болады. Ерекшелігі – орталықтарға құрылымы мен мазмұн тепе-теңдігі. Бағдарламаны іске асыру 7 облысты, оның ішінде «дамытушы орта» облысын қамтитын «сапа стандарты» болып табылады. Сонымен қатар, «Балалық шақ» бағдарламасы да мектепке дейінгі жастағы баланың толыққанды өмір сүруі үшін қолайлы жағдайлар жасау, жеке тұлғаның негізгі мәдениетінің негіздерін қалыптастыру, жас және жеке ерекшеліктерге сәйкес психикалық және физикалық қасиеттерді жан-жақты дамыту, мектепке дейінгі баланың өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында ұйымдастырылған. Бағдарлама жетекшілері Т.И. Бабаева, А.Г. Гогоберидзе, З.А.Михайлова.

Аталған мақсаттар балалар іс-әрекетінің әртүрлі процесінде жүзеге асады: ойын, қарым-қатынас, жұмыс, танымдық зерттеу, өнімді, музыкалық, көркемдік оқу.

Осы тұрғыдан, М.Н. Полякова «Балалық шақ» бағдарламасын жасаушылар көзқарасынан мынадай сипаттарды бөліп көрсетеді:

Жағдайдың жайлылығы мен қауіпсіздігі.

Қамтамасыз ету жолдары: үй жағдайының тиімділігі; балалардың белсенділігі аумақтарының арасындағы шекараны болдырмау (ойын, оқу, театралдық); кеңістікті балалардың өзінің өзгерту мүмкіндігі;

Сенсорлық әсерлердің байлығын қамтамасыз ету.

Қамтамасыз ету жолдары: түстің, түрдің, шамасының, материалының көптүрлілігін бейнелейтін заттарды іріктеу. Бұл контексте тұрмыстық заттар, табиғи заттар, жай материал, ойын үшін табиғи заттар, костюмдер, түрлі бағыттағы конструкторлар болуы керек.

Мектеп жасына дейінгі балалардың өзіндік даралық іс-әрекетін қамтамасыз ету.

Қамтамасыз ету жолдары: кеңістікті баланың ортаға кіруіне мүмкіндік беретін арнайы іріктелген материалмен толтыру, әртүрлі әрекетті, материалдарды таңдау, қызықты объектінің айналасына басқа балалармен және педагогпен бірігу.

Зерттеу, үйрету мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

Қамтамасыз ету жолдары: заттармен эксперимент жасау үшін, өз бетімен және педагогтың жетекшілігімен тәжірибе қою үшін жағдай жасау, осылар арқылы әртүрлі жағдайда заттардың қасиеттерін, сапасын, ерекшеліктерін танып білу; орта объектілерінің ішіндегі және инициативаны дамытушы проблемалық элементтердің болуы, таным процестері, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі.

Топтағы барлық балалардың таным іс-әрекетіне қатысу мүмкіндіктері.

Қамтамасыз ету жолдары: толық және балалардың жас ерекшеліктеріне, білім беру процесінің мақсаттары мен міндеттеріне және басқа да факторларға қарай өзгертіліп отыратын жеткілікті мөлшерде түрлі заттық материалдардың, белсенділік зонасының болуы (ойын, қозғалғыш, танымдық, көркемдік, еңбек) [5, 112 б.].

Сондай-ақ, Е.О. Смирнова, И.А. Рябкова, Е.А. Абдуллаева мектепке дейінгі ұйымның дамып келе жатқан заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын ұйымдастырудың келесі **принциптерін** ажыратады және сипаттайды.

1. «Ортаны өзгертуге, түзетуге, дамытуға дайындығын» білдіретін ашықтық қағидаты. Бұл көп өлшемді принцип.

2. Оңтайлы ұйымдастыру принципі. Әртүрлі қиылысатын қызмет салаларын ұйымдастыру болып табылады.

3. Динамикалық орта принципі. Икемді аймақтарға бөлу принципімен тығыз байланысты. Бұл топтың заттық-кеңістіктік дамытушы ортасы «балалардың жас ерекшеліктеріне, оқу кезеңіне, білім беру бағдарламасына байланысты өзгереді» дегенді білдіреді.

4. Заттық-кеңістіктік даму ортасының көпфункционалдылығы принципі.

5. Психологиялық жайлылық пен эмоционалды салауаттылық принципі.

6. Қоршаған ортаның эстетикалық-тартымдылық принципі.

7. Мектепке дейінгі ұйым тобының эмоционалды-дамытушылық ортасын құру кезінде гендерлік айырмашылықтар принципі міндетті түрде жүзеге асырылады, бұл ұл балалар мен қыз балаларға қоғамда қабылданған ересектік стандарттарына сәйкес бейімділіктерін көрсетуге мүмкіндік береді [6,7].

Эмоционалды даму негіздері де заттық-кеңістік дамытушы ортамен тығыз байланысты. Оның ішінде мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалды интеллектісінің дамуын айта кеткен жөн. Баланың толыққанды үйлесімді өсуіне, болашақта кемел тұлғалар қатарына жатуына эмоционалды интеллектінің тигізер әсері өте жоғары. Мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиесі мен жан-жақты дамуында эмоционалды интеллектіні дамыту тұлға аралық өзара қатынасты оңтайландыру және өмірдің әрқилы жағдайында дайын әрі бейімделу үшін, позитивті оң әрекет ету үшін маңызды факторлар қатарына жатқызылады [8].

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар. Заттық-кеңістіктік дамыту ортасы баланың жеке басын қалыптастырудың маңызды құралы, қайнар көзі болып табылады, оның әсері мен әлеуметтік тәжірибесі мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы дамуына барлық бағыттар бойынша – әлеуметтік-коммуникативті, танымдық, интеллектуалдық, сөйлеу, көркемдік-эстетикалық және физикалық жағынан үлкен әсер етеді. Баланың жан-жақты дамуы мектепке дейінгі білім беру ұйымының байытылған заттық-кеңістіктік дамытушы ортасы жағдайында сәтті жүзеге асырылады. Мұндай ортадағы баланың белсенділігі балаға қызықты қызмет түрін таңдау еркіндігімен, оны жүзеге асыру үшін әртүрлі жабдықтар мен материалдардың қол жетімділігімен ынталандырылады.

Бала дамуын байытушы, әсер етуші факторы – әлеуметтік-мәдени айналасы және оның заттық ортасы. Әрбір бала өзінің дамуында сөзсіз жанұяның, оның тұрмысының, мәдени артықшылықтарын және үлкендердің іспен шұғылданатындығын, бос уақыт мазмұнын көреді. Мектепке дейінгі мекеме білім беру орталығы ретінде «бағдарланған» мәдениет зарядын алып қана қоймайды, балалардың өмірін түрлі жағдайларда байытып жүрген мөлтек ауданның, қаланың, ауылдың мәдени ахуалын да, олардың іс-әрекет және эмоционалды-құндылық қатынастарындағы тәжірибесін де көреді. Әр жас сырттан өзі үшін керектіні алады.

Зерттеу жұмысы Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданында КМҚК «Гауһар» бөбекжайы мектепке дейінгі білім беру мекемесінің негізінде жүргізілді.

Зерттеу жұмысының негізгі мәні – КМҚК «Гауһар» бөбекжайы мектепке дейінгі білім берудің негізгі жалпы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру болып табылады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының қызметі жалпыға қол жетімді. Балабақша 240 баланың бір мезгілде болуына арналған. Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданында КМҚК «Гауһар» бөбекжайы мектепке дейінгі білім беру мекемесі қала орталығында орналасқан. Жақын жерде мектеп, саябақ, кітапханалар, балалар шығармашылығы орталықтары орналасқан. Бұл қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық кезінде артықшылық береді. Физикалық белсенділікке деген қажеттілік дене шынықтыру залы мен балабақша топтарындағы көптеген спорттық жабдықтардың арқасында қанағаттандырылады. Сондай-ақ мектепке дейінгі ұйым аумағында барлық қажетті дене шынықтыру, спорт және сауықтыру жабдықтарымен және материалдармен қамтамасыз етілген үлкен спорт алаңы бар. Мектепке дейінгі ұйым аумағын және оның ішкі бөлмелерін көгалдандыру СанПиН талаптарына сәйкес келеді. Өсімдіктерге күтім жасау және осы көгалдандыруды толықтыруды ата-аналардың көмегімен тәрбиешілер үнемі жүргізеді. Мектепке дейінгі білім беру ұйым 12 топқа арналған екі қабатты ғимаратта орналасқан. Әр топтың жатын бөлмелері, ойын бөлмелері, шешінетін бөлмелер және санитарлық бөлмелері бар.

Бақылау кезінде балалардың жалпы дамуына арналған мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік дамыту ортасының сапасын бағалау «балалық шақ» бағдарламасының авторлары ұсынған 5 көрсеткіш бойынша жүргізілді.

- 1) барлық балалардың белсенді дербес қызметке қосылуы;
- 2) әрбір баланың сүйікті, қызықты іспен шұғылдану мүмкіндігі;
- 3) балалар арасындағы жанжал деңгейі;
- 4) балалардың өзіндік қызметінің өнімділігі;
- 5) балалардың жағымды эмоционалды көңіл-күйі [9].

Бағалау шкаласы:

- жоғары деңгей – сапа балалардың жартысынан көбінде айқын көрінеді, балалар іс-әрекетінің барлық түрлерінде және режим сәттерінде көрінеді;

- орташа деңгей – сапа өте айқын көрінбейді, ол балалардың жартысынан азына тән, ол өте жиі емес және тек балалар іс-әрекеті мен режим сәттерінде көрінеді;
- төмен деңгей – сапа дерлік көрінбейді, ол тек жеке балаларда, балалар іс-әрекетінің 1-2 түрінде және режимдік сәттерде байқалады.

Көрсеткіш бойынша балалардың жалпы дамуына арналған мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік дамыту ортасының сапасын бағалау нәтижелері:


- «барлық балалардың белсенді дербес қызметке қосылуы» көрсеткіші бойынша: жоғары деңгейде 72 бала (52%), орташа – 47 бала (34%) және төмен деңгейде - тек 19 бала (14%);

- «балалар арасындағы жанжал деңгейі» көрсеткіші бойынша: жоғары деңгейді тек 11 бала (8%), орташа деңгейді – 13 бала (10%) және төмен деңгейді (яғни жанжалды көрсетпейтін) көрсетеді-114 бала (82%);

- «балалардың өзіндік қызметінің өнімділігі» көрсеткіші бойынша: жоғары деңгейде 44 бала (32%), орташа 81 бала (59%) және төмен деңгейде – тек 11 бала (8%) бар.

Зерттеу жұмысының заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның сапасын бағалау нәтижелері бірінші суретте көрсетілген.

Сурет 1. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның сапасын бағалау нәтижелері



Осылайша, мектепке дейінгі ұйым топтарын Е.О. Смирнова, И.А. Рябкова, Е.А. Абдуллаева ұсынған «оңтайлы ұйымдастыру» параметріне сәйкес өзгергіштік принципі сақталады. Бұл орталықтар мен бұрыштарда балалардың сүйікті іс-әрекеттерін еркін таңдауға мүмкіндік беретін әртүрлі материалдар, ойындар, ойыншықтар мен жабдықтар жеткілікті. Сондай-ақ, тәрбиешілер ойын материалдарын жиі жаңартады, балалардың ойын, қозғалыс, танымдық және зерттеу белсенділігін ынталандыратын жаңа заттар топтарда өте жиі кездеседі. Балаларға түсініксіз орталықтардың символдық белгісі жоқ, оларда жұмыс істеу алгоритмдері жасалған. Аймақтар мен орталықтар арасында «жылжымалы» шекаралар қамтылған (безендірілген, бірақ баланың таңдауы бойынша өзгереді). Топтарда белсенді, жұмыс және тыныш аймақтың нақты бөлінуі белгіленген [10]. Жалпы нәтижесінде «Гауһар» бөбекжайында заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастырудың өзгергіштік принципі ішінара сақталған, тиімді әдіс бола алады деген қорытынды жасай аламыз.

Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік дамыту ортасын талдаудың екінші бағытын іске асыру кезінде оған «Гауһар» бөбекжайының 10 педагогы қатысты. Олардың ішінде 8 тәрбиеші және 2 маман (1 музыка оқу қызметінің педагогы және 1 дене шынықтыру нұсқаушысы). «Гауһар» бөбекжайы топтарының заттық-кеңістіктік даму ортасының білім беру стандартында көрсетілген оны ұйымдастыру принциптеріне сәйкестігін өзін-өзі бағалауды мекеме тәрбиешілері мен педагогтері толтырған өзін-өзі бағалау карталарын қолдана отырып


жүргізілді. Оның үлгісі 1 – кестеде келтірілген. Өзін-өзі талдау алты параметр бойынша жүргізілді: ортаның жүйелілігі, ортаның ауысымдығы, ортаның көп функционалдылығы, ортаның жиі өзгермелілігі, ортаның қол жетімділігі, ортаның қауіпсіздігі. Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік даму ортасының өзін-өзі бағалау нәтижелері 1 – кестеге енгізілді және 3 – суретте көрсетілген.

Кесте 1. «Гауһар» бөбекжайы топтарының заттық-кеңістіктік даму ортасының тәрбиешілердің өзін-өзі бағалау карталарының оны ұйымдастыру принциптеріне сәйкестік көрсеткіштері

Орта параметрлері	Тәрбиешілердің бағалауы									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1.Ортаның жүйелілігі	2	0	0	2	2	0	1	1	0	1
2.Ортаның ауысымдығы	0	2	0	1	0	0	2	0	1	0
3.Ортаның көп функционалдылығы	0	1	0	2	0	1	0	1	0	1
4.Ортаның жиі өзгермелілігі	1	0	1	2	0	0	2	0	1	0
5.Ортаның қол жетімділігі	0	2	2	1	0	1	0	2	1	0
6.Ортаның қауіпсіздігі	2	2	2	2	2	1	2	1	2	1

1 – кестеде мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістік дамыту ортасын бағалаудың әрбір параметрі бойынша тәрбиешілер мен мамандар қойған бағалау ұпайлары келесі жауаптарға сай келеді:

- 2 – ұйымның қағидаларына сай келеді;
- 1 – ішінара сәйкес келеді;
- 0 – сәйкес келмейді.



Сурет 2. Заттық-кеңістіктік даму ортасының сәйкестік көрсеткіштері

Нәтижелер бойынша анықталды:

1.Ортаның жүйелілігі көрсеткіші бойынша 3 тәрбиеші (30%) «толық сәйкес келеді», 3 тәрбиеші (30%) «ішінара сәйкес келеді», 4 тәрбиеші (40%) «сәйкес келмейді» деген баға берді.

Осылайша, тәрбиешілердің көпшілігі (6 адам) мектепке дейінгі ұйымдағы заттық-кеңістіктік ортаның жүйелілігі сәйкес келеді деп санайды. Қалған мамандар қарама-қарсы пікірде: топтарда балалар іс-әрекетіне арналған құралдар, материалдар, ойын жабдықтары, танымдық зерттеу, шығармашылық стандарт талаптарына сәйкес келмейді деп есептейді.

2.Ортаның ауысымдық өзгергіштігі бойынша 2 тәрбиеші (20%) «толық сәйкес келеді», 2 тәрбиеші (20%) «ішінара сәйкес келеді», 6 тәрбиеші (60%) «сәйкес келмейді» деген баға берді. Бұл тәрбиешілер мен балалардың білім беру жағдайына және балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктерінің өзгеруіне байланысты заттық-кеңістіктік ортаны еркін және тез өзгертуге мүмкіндігі жоқ екенін көрсетеді.

3.Ортаның көп функционалды көрсеткіші бойынша 1 тәрбиеші (10%) «толық сәйкес келеді», 4 тәрбиеші (40%) «ішінара сәйкес келеді», 5 тәрбиеші (50%) «сәйкес келмейді» деген баға берді. Мамандардың пікірі екіге бөлінді. Тәрбиешілердің жартысы көп функционалдылық сақталады деп, ал тәрбиешілердің екінші жартысы бұл принцип орындалмайды деп санайды.Тәрбиешілердің пікірінше, топтарда балалар белсенділігінің әртүрлі түрлерінде қолдануға жарамды заттар өте аз. Сонымен, қоршаған ортаның көп функционалдылығы ішінара байқалады деп қорытынды жасауға болады.

4.Ортаның өзгермелілік көрсеткіші бойынша 2 тәрбиеші (20%) «толық сәйкес келеді», 3 тәрбиеші (30%) «ішінара сәйкес келеді», 5 тәрбиеші (50%) «сәйкес келмейді» деген баға берді. Тәрбиешілердің пікірі екіүшті болғандықтан, даму ортасының өзгермелілік көрсеткішін ішінара деп есептеуге болады.

5. Ортаның қолжетімділік көрсеткіші бойынша 3 тәрбиеші (30%) «толық сәйкес келеді», 3 тәрбиеші (30%) «ішінара сәйкес келеді», 4 тәрбиеші (40%) «сәйкес келмейді» деген баға берді. «Сәйкес келмейді» деп санайтын тәрбиешілердің пікірінше, балалар мектепке дейінгі ұйымның басқа бөлмелеріне еркін кіре алмайды, барлық топтарда балалар үшін ойыншықтар, материалдар, жабдықтар еркін қолжетімді емес, оларды кез келген уақытта өз еркі ойынша ала алмайды дейді.

6. Ортаның қауіпсіздігі параметрінің көрсеткіші бойынша 8 тәрбиеші (80%) «толық сәйкес келеді», 2 тәрбиеші (20%) «ішінара сәйкес келеді» деген баға берді, ешқандай маман «сәйкес келмейді» деп жауап бермеді. Осылайша, ортаның қауіпсіздігі бағдарлау талаптарына сәйкестігі белгілі болды, топтарды және мектепке дейінгі ұйым аймағын көгалдандыру санитарлық-гигиеналық ережелер мен нормаларға сәйкес келеді, топтарда эмоционалды күй, мектеп жасына дейінгі балалардың жағдайын қамтамасыз ететін жиһаздардың элементтері дұрыс қолданылады.

Аталмыш зерттеу жұмысында заттық-кеңістіктік даму ортаның мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуына тиімді әсері бар екендігі анықталды. Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы стандартының талаптарына жақын дамып келе жатқан заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру және ұйымдастыру өзекті болып табылады, өйткені мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі білім беру стандартына көшуді материалдық-техникалық жабдықтаудан бастау керек. Алайда, материалдық ресурстар көбінесе түбегейлі өзгерістер үшін жеткіліксіз, сондықтан бұрыннан бар заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны өңдеу қажет. Зерттеу мақсатына жету үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет.

Бірінші міндетті іске асыру үшін дамытушы заттық-кеңістіктік орта бойынша ғылыми және нормативтік-құқықтық әдебиеттерге талдау жүргізілді. Талдау барысында «заттық орта», «кеңістіктік орта», «заттық-дамытушы орта» сияқты ұғымдарды анықтайтын негізгі еңбектер зерттелді. Мектепке дейінгі ұйымның дамып келе жатқан заттық-кеңістіктік даму ортасы – бұл ыңғайлы және қауіпсіз орта, ұтымды ұйымдастырылған, әртүрлі заттармен және ойын материалдарымен қаныққан, эстетикалық тұрғыдан безендірілген. Мұндай ортада топтың барлық балаларын жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктеріне, мүмкіндіктері мен мүдделеріне сәйкес әр түрлі іс-шараларға бір уақытта қосуға болады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің басты міндеті балалардың эмоционалды жайлылық және психологиялық қорғаныс сезімін туғызу. Балабақшада бала өзін сүйкімді,әрі қайталанбас тұлға ретінде сезінуі тиіс. Сондықтан тәрбие процесі жүретін орта маңызды болып табылады.

КМҚК «Гауһар» бөбекжай мектепке дейінгі ұйымында мектепке дейінгі баланың дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Тәрбиелеу мен оқытудың жаңа түрлерін қолдану, көп іздену, дайындалу, қосымша әдебиеттерді орынды қолдана білу – әр тәрбиешінің негізгі мақсаты. Мектепке дейінгі ұйымда төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

1. Оқу жылы басында топтарды безендіру, орталықтарды толықтыру, жаңарту, топқа қажетті құралдар мен ойыншықтар, ойын алаңы мен учаскілері тазалау, беседкаларды сырлау, қажетті құралдармен толықтыру, ата-жиналыстары, ертеңгіліктер ұйымдастырылды.

2. «Шынықсаң шымыр боласын», «Әкем, анам және мен» спорттық ойындары, «Күзгі думан», «Жасыл шырша жанында» сияқты тәрбиелік іс-шаралар жүргізілді.

3. Балабақша ішілік «Саусақ театры арқылы балалардың тілін, қызығушылығын арттыру» тақырыбында семинар өткізілді.

4. Күннің екінші жартысындағы жұмыстар, атап айтсақ серуен, вариативтік компоненттер уақытылы жүргізілуде.

5. Балалардың жан-жақты дамуына ықпал ететін: жеке жұмыстар, саяхаттар, жарыстар, ертеңгіліктер, балаларға арналған бағдарламалар мен мультфильмдер көрсетіледі.

Мектеп жасына дейінгі баланың жеке басын және танымдық процестерін дамыту, қарым-қатынас дағдыларын және тұтастай алғанда айналадағы әлеммен өзара іс-қимылын қалыптастыру баланың даму ортасын ұйымдастырумен тығыз байланысты.

Сонымен бірге, мектепке дейінгі ұйымның ерекшелігіне қарамастан мектепке дейін білім берудің жалпы міндетті стандартында белгіленген мектепке дейінгі барлық мекемелер орындауға міндетті баланың даму ортасына қойылатын талаптардың нормативтік құжаттар кешені бар. Онда «мектепке дейінгі ұйым орнын және алаңын заттық-кеңістіктік ұйымдастыру баланың мүддесі мен сұранысына, ал оның элементтері (жабдығы, ойындар, ойыншықтар, дидактикалық материалдар) – оның дамуына қызмет етуі тиіс» деп атап көрсетілген. Топтық орындардың құрылымы балаға ойынға және ойыншықтарға, материалдарға еркін қолы жетуін қамтамасыз етуі қадағаланған. Кеңістіктің жабдықталуы мен ұйымдастырылуы балалардың уақытпен шектелмеген қозғалыс белсенділігі мүмкіндіктерін қарастырған, баланың біріккен және жеке іс-әрекетіндегі сұранысты қамтамасыз еткен. Ойын бұрышының жиі өзгеруімен қатар іс-әрекеттің басқа түрлері үшін де орын алаңын жасау мен зат-орынбасарлар ретінде пайдалануға болатындай табиғи материалдармен де толықтырылған.

Мектеп жасына дейінгі баланың даму ортасын зерттеу-жобалау процесі үздіксіз, оны аяқталды деуге келмейді. Мектеп жасына дейінгі бала өседі, үнемі даму үстінде болады, барлық салада онда өзгерістер болады, мысалы: мотивациялық, физикалық, интеллектуалдық, коммуникативтік, креативтік). Баламен бірге оны жаңа белсенділік түрлеріне жетелейтін қоршаған кеңістік өзгереді. М.Н. Полякова педагог құрған бастапқы орта функцияларын екі айда орындайтындықтарын, одан кейін оның түрленіп өзгередінін айтады. Оның үстіне статикалық кезең бойы баланы қоршаған кеңістікке түрлі өзгерістер енгізіп тұру қажеттігін атап көрсетеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың даму ортасын жобалағанда және құрғанда педагог мынаны түсінуі қажет. «...балалардың өмір сүретін ортасындағы жағдай оларды тәрбиелеуде еш нәрсемен салыстыруға келмейтін зор рөл атқарады. Орта жағдайы әсер етпейтін тәрбиенің ешқандай жағы жоқ, баланың тікелей нақты қоршаған ортасының тәуелді емес қабілеті жоқ...» - деп көрсетеді Е.И. Тихеева. [11, 196 б.]

Қорытынды. Заттық-кеңістіктік дамытушы орта ерте жастағы балалардың дамуындағы маңызды фактор болып табылатынын анықтадық. Баланың толыққанды дамуы үшін балалар жарқын, әсерге толы әлемді қабылдауы үшін жағдай жасау қажет. Дамушы ортаның балаға әсер етуінің сәттілігі оның осы ортадағы белсенділігіне байланысты. Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық үрдісін тұтас ұйымдастыру баланың топтық бөлмеде ғана емес, мектепке дейінгі ұйымдардағы бүкіл қозғалу еркіндігін қамтиды. Балалардың кеңістікте және уақытта еркін жүру қабілеті оларға мектеп өмірінің ерекшеліктеріне оңай бейімделуге көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Доронова Т. Н., Доронов С. Г. *Игрушки для развития детей раннего возраста: предметно-методический сборник для занятий и игр с детьми раннего возраста* : учеб. пос. / Т. Н. Доронова, – М. : дети XXI века, 2005. – 62 с.
2. Григорьева Г. Г. *Руководство по воспитанию, обучению и развитию детей в возрасте до трех лет* : учеб. пос. / Г. Г. Григорьева, С. Кроха. – М. : Образование, 2003. – 253 с.
3. Павлова Л. Н. *Раннее детство: предметно-развивающая среда и образование* : учеб. пос. / Л. Н. Павлова. – М. : Университетская книга, 2004. – 109 с.
4. Нищева Н. В. *Предметно-пространственная среда развития в детском саду* : учеб. пос. / Н.В. Нищева. – сост. : детство-пресс, 2006. – 195 с.
5. Смирнова, Е. О. *Развивающая предметно-пространственная среда в детском саду [Текст] : метод. пособие / Е. О. Смирнова, И. А. Рябкова, Е. А. Абдулаева.* – М. : Мозаичный парк, 2016. – 112 с.
6. Дмитриева В. Г. *Метод раннего развития Марии Монтессори* : учеб. пос. / В.Г. Дмитриева. – Санкт-Петербург, Эксмо, 2008. – 224 с.
7. Монтессори М. *Как развить внутренний потенциал человека* : учеб. пос. / М. Монтессори. – Санкт-Петербург, 2011.
8. Асылбек А.М. *Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесіндегі эмоционалды интеллектінің дамуы // Қарағанды университеті, «Бөкетов оқулары – 2021» аймақтық конференция.* – 2021.
9. Атыманова К. Ж. *Мектеп жасына дейінгі балалар коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудың педагогикалық шарттары : педагогикалық ғылым / К.Ж. Атыманова.* – Алматы, 2010. – 112 б.
10. *Организация экспериментальной деятельности дошкольников : Методические рекомендации / Л.Н. Прохорова редакция.* – М. : АРКТИ, 2008.
11. Аралбаева Р. К. *Мектепке дейінгі педагогика : оқулық / Р.К. Аралбаева.* – Алматы: Жоғары оқу орындарының қауылдастығы, 2012. – 196 б.

References

1. Doronova, T. N., & Doronov, S. G. (2005) *Igrushki dlia razvitiia detei rannego vozrasta: predmetno-metodicheski sbornik dlia zaniatiu i igr s detmi rannego vozrasta* [Toys for the development of early childhood: subject-methodological collection for lessons and games with early childhood]. M: ycheb. pos. [in Russian].
2. Grigoreva, G. G., & Kroha, S. (2003). *Rukovodstvo po vospitaniiu, obychnuu i razvitiuu detei v vozraste do trekh let* [Guide to the education, training and development of children under three years of age]. M. : Obrazovanie [in Russian].
3. Pavlova, L. N. (2006). *Ranee detstvo: predmetno-razvivaiushchaia sreda i obrazovanie* [Early childhood: subject-developing environment and education]. M. : Universitetskaia kniga [in Russian].
4. Nieva, N. V. (2006) *Predmetno-prostranstvennaia sreda razvitiia v detskom sadu* [Object-spatial development environment in kindergarten]. sost.: detstvo-press [in Russian].
5. Smirnova, E. O. *Razvivaiushchaia predmetno-prostranstvennaia sreda v detskom sadu* [Developing subject-spatial environment in kindergarten] [Text] : metod. posobie / E. O. Smirnova, I. A. Riabkova, E. A. Abdulaeva. – M. : Mozaichnyi park, 2016. – 112 s.
6. Dmitrieva, V. G. (2008). *Metod rannego razvitiia Maru Montessori* [The method of early development of Maria Montessori]. Sankt-Peterburg [in Russian].
7. Montessori, M. (2011). *Kak razvit vnutrenniu potentsial cheloveka* [How to develop a person's inner potential]. Sankt-Peterburg [in Russian].
8. Asylbek A.M. *Mektep zhasyna deiingi bala tarbiesindegi emotsionaldy intellektinin damuy* [Emotional intelligence in preschool education development] // *Qaragandy universiteti, «Buketov oqulary – 2021» aimaqtiq konferentsiia.* – 2021.
9. Atymanova, K. J. (2010). *Mektep zhasyna deiingi balalar kommunikativtik dagdylardy qalyptastyrydyn pedagogikalyq sharttary* [Children of preschool age pedagogical conditions for the formation of communication skills]. Almaty [in Kazakh].

10. *Organizatsiia eksperimentalnoi deiatelnosti doshkolnikov [Organization of experimental activities of preschoolers] : Metodicheskie rekomendatsii / L.N. Prokhorova redaks. – M. : ARKTI, 2008.*

11. *Aralbaeva R. K. (2012). Mektepke deingi pedagogika [Preschool pedagogy] : oqulyq / R.K.Aralbaeva. – Almaty: Zhogary oqu oryndarynyn kauyldastygy [in Kazakh].*

МРНТИ 14.23.17

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5496.25>

Метербаева К.М.,^{1} Фарифолла А.М.,¹ Аманжолова Ә.Н.¹*

¹ *Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ЖЕТІЛДІРУДЕ МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа

Мақала балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық құралдарды қажет ететін мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие процесін жетілдіруде мультимедиялық технологияларды қолданудың өзекті мәселесіне арналған. Осыған байланысты зерттеудің өзектілігі мектепке дейінгі білім беру процесін жетілдіруде мультимедиялық технологияларды тиімді пайдалану мәселесі қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие процесінде мультимедиялық технологияларды қолданудың әзірленген әдістемесін теориялық негіздеу, эксперименталды түрде тексеру және тиімділігін дәлелдеу болды.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің мультимедиялық технологияларды өз тәжірибелерінде оңтайлы пайдалану қажеттілігі заман сұранысына ие болғандықтан, оны білім беру саласында дұрыс ұйымдастыра алуына міндеті айқындалған. Сол үшін ақпараттық технологияларды тәрбиешінің өзі толық меңгеріп, балалардың жас ерекшеліктеріне сай түрлендіріп үйретудің жолдары сараланады. Авторлар мультимедиялық технологиялармен орындалатын тапсырмалар жүйесін топтастырып, оны шешу жолдарын көрсетеді. Сонымен қатар, мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту үдерісін жетілдіруде мультимедиялық технологияларды пайдаланудың артықшылығы мен өлшемдері нақтыланып, жұмыс істеудің тиімді факторлары баяндалады.

Мақалада мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие процесінде тәжірибеге енгізілген мультимедиялық құралдарды қолданудың тиімді жолдары мен әдістерін зерттеудің кейбір нәтижелері көрсетілген. Деректерді талдау үшін авторлар бақылау, озық тәжірибелерді жалпылау, сауалнамалар, бейне және ойын зерттеу әдістерін пайдаланды.

Қорытындылай келе, авторлар интернет ресурстарын пайдалану мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға мүмкіндік беретінін, тәрбиешіге балалардың оқуға деген ынтасын арттыруға көмектесетінін дәлелдейді. Сонымен қатар, оқу үрдісінде мультимедиялық технологияларды тиімді пайдаланғанда ғана оң нәтижеге қол жеткізуге болатыны анық. Зерттеудің нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымдарда оқу процесін жетілдіруде мультимедиялық технологияларды қолдану мүмкіндіктері анықталды.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі білім беру үдерісі, мультимедиа, мультимедиялық технология, іс-әрекет, мүмкіндіктер

Метербаева К.М.,¹ Ғарифолла А.М.,¹ Аманжолова Ә.Н.¹

¹ Қазақстан Республикасының педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА

Аннотация

Статья посвящена актуальной на сегодняшний день проблеме применения мультимедийных технологий в совершенствовании образовательного процесса дошкольной организации, который требует педагогического инструментария, соответствующего возрастным особенностям детей. В связи с этим, актуальность исследования заключается в проблеме эффективного использования мультимедийных технологий в совершенствовании учебного процесса дошкольных организаций.

Цель исследования состояла в теоретическом обосновании, экспериментальном апробировании и доказательствах эффективности разработанной методики использования мультимедийных технологий в учебном процессе дошкольных организаций.

Необходимость оптимального использования мультимедийных технологий в образовательном процессе дошкольной организации - это требование сегодняшнего времени и задача воспитателей правильно организовать ее. Для этого необходимо, чтобы информационные технологии были полностью освоены самим воспитателем и дифференцированы в учебный процесс в соответствии с возрастными особенностями детей. Авторами группируется система задач, выполняемых мультимедийными технологиями, намечаются пути ее решения. Кроме того, изложены эффективные факторы функционирования, конкретизированы преимущества и критерии их использования в совершенствовании процесса обучения дошкольников.

В статье показаны некоторые результаты изучения эффективных способов и методов использования мультимедийных средств, которые были внедрены на практике в образовательном процессе дошкольной организации. Для анализа данных авторами были использованы наблюдение, обобщение передового опыта, анкетирование, видео, и игровые методы исследования.

В заключении авторами доказывается, что использование интернет-ресурсов позволяет развивать познавательный интерес детей дошкольного возраста, помогает воспитателю повысить мотивацию детей к обучению. Вместе с тем, становится очевидным, что только при эффективном использовании мультимедийных технологий в учебном процессе можно добиться положительных результатов. Результатом исследования являются выявленные возможности использования мультимедийных технологий в совершенствовании процесса обучения в дошкольных организациях

Ключевые слова: образовательной процесс дошкольной организации, мультимедиа, мультимедийные технологии, деятельность, возможности.

Meterbayev K.M.,¹ Garifolla A.M.,¹ Amansholova A.N.¹

¹ *Kazakh national women's pedagogical university Almaty, Kazakhstan*

POSSIBILITIES OF USING MULTIMEDIA TECHNOLOGIES IN IMPROVING THE PRESCHOOL EDUCATIONAL PROCESS

Abstract

The article is devoted to the current problem of the use of multimedia technologies in improving the educational process of a preschool organization, which requires pedagogical tools that correspond to the age characteristics of children. In this regard, the relevance of the study lies in the problem of the effective use of multimedia technologies in improving the educational process of preschool organizations.

The purpose of the study was to theoretically substantiate, experimentally test and prove the effectiveness of the developed methodology for using multimedia technologies in the educational process of preschool organizations.

The need for the optimal use of multimedia technologies in the educational process of a preschool organization is a requirement of today's time and the task of educators to properly organize it. For this, it is necessary that information technologies be fully mastered by the educator himself and differentiated into the educational process in accordance with the age characteristics of children. The authors group the system of tasks performed by multimedia technologies, and outline ways to solve it. In addition, effective factors of functioning are outlined, the advantages and criteria for their use in improving the learning process of preschoolers are specified.

The article shows some results of the study of effective ways and methods of using multimedia tools that have been put into practice in the educational process of a preschool organization. To analyze the data, the authors used observation, generalization of best practices, questionnaires, video, and game research methods.

In conclusion, the authors prove that the use of Internet resources makes it possible to develop the cognitive interest of preschool children, helps the educator to increase the children's motivation for learning. At the same time, it becomes obvious that only with the effective use of multimedia technologies in the educational process can positive results be achieved. The result of the study is the identified opportunities for using multimedia technologies in improving the learning process in preschool organizations.

Key words: the educational process of a preschool organization, multimedia, multimedia technologies, activities, opportunities.

Кіріспе. Қазіргі қоғамды ақпараттандырумен тығыз байланысты білім беруде мультимедиялық технологияларды қолдану кеңінен таратылуымен сипатталады. Олар ақпаратты тарату үшін және педагогтар мен балалардың өзара әрекетін қамтамасыз ету үшін білім берудің қазіргі жүйесінде кеңінен қолданыс табуда. Арнайы жағдайда көптеген технологиялар балаларды оқыту және тәрбиелеу сапасын арттыруға айтарлықтай әсер ететіндігін түсіну қажет. Солардың бірі мультимедиялық технологиялар тәрбиешінің іс-әрекеті барысында жүзеге асырылады.

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде тәрбиешінің іс-әрекетінің құрылымы гностикалық, жобалық, құрылымдық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, сараптық деп қарастырылған. Бұл бойынша Н.В.Кузьмина негіздеген іс-әрекеттердің құрылымын төмендегідей құраушылар құрайтынын атап көрсетеді [1]:

- гностикалық (таным);
- жобалық (талдау, мақсат қою, стратегия қабылдау);
- құрастырушы (технология, синтез);
- ұйымдастырушы (жоспардың орындалуы);
- коммуникативтік.

Бұл аталған іс-әрекеттер құрылымы оқу қызметінің әрбір бөлігіне қатысты болады. Қандай іс-әрекет болмасын ақпараттық технологиялар негізінде жүзеге асырылады. Зерттеуші Захарова Г.И. өзінің ғылыми еңбегінде ақпараттық технология туралы "ақпарат жинау, өңдеу және беру әдісі мен құралдары" ретінде анықтайды және жаңа ақпарат алу үшін зерттелетін объект" деп пайымдаған [2]. Ал, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дағдыларын дамытуда ақпараттық технологияларды қолданудың маңыздылығын шетелдік және отандық зерттеушілердің жұмыстарынан көруге болады (Ж.К.Ахмадиева, К.З.Хамитова, Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т., Е.Н. Иванов, С. Пейперт, Н.П.Чудова және т.б.) [3]. Мектепке дейінгі білім беруге АКТ енгізу бойынша ғылыми жұмыс жүргізген зерттеушілер А.В Запорожец Л.С. Новоселова, Л. А. Парамонова, Л.Д. Чайнова еңбектерінде көрініс тапқан. Ал, В.В. Давыдова, А.Н. Леонтьева, А.М. Матюшкинаның ғылыми зерттеулерінде ересек мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамытудың ең жақсы факторы баланың тиімді дамуына мүмкіндік беретін құралдарды дұрыс таңдау болып табылатындығы айтылады [4]. Сонымен қатар, қоршаған дүниенің баланың дамуына әсері орасан зор екендігін көрсетеді. Бұдан, бала

айналасындағы әлемді қаншалықты терең білсе, соғұрлым көп сұрақтар туындайды, ересек адамның негізгі міндеті-балаға осы сұрақтарға өз бетінше жауап табуға көмектесу екенін көреміз.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымында қазіргі білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі баланың ақпараттық ресурстармен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейте алатын интерактивті ортаны құру болып табылады.

Интерактивті және мультимедиялық құралдар оларды жана білім алуға ұмтылуға ынталандыру үшін жасалған. Компьютер оқу апаратын ұсыну мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді, баланың ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Мультимедиялық технологияларды қолдану (түс, графика, дыбыс, заманауи бейне жабдықтар) қоршаған әлеуметтік ортадан әртүрлі жағдайларды имитациялауға мүмкіндік береді.

Интерактивті тақта, компьютер сияқты интерактивті оқу құралдары балалардың дамуын диагностикалауда ең керемет көмекшілерге айналуға: мәселен, зейін, есте сақтау, ойлау, сөйлеу, оқу дағдылары және т.б. Бұл балалардың танымдық белсенділігін арттырады, олардың ой-өрісін кеңейтеді, ата-аналардың білім беру мәселелерінде жалпы мәдениетін арттырады, оқу үдерісіне барлық қатысушылардың күш-жігерін үйлестіруді қамтамасыз етеді. Мультимедиялық бағдарламаларға енгізілген ойын компоненттері балалардың танымдық белсенділігін жетілдіреді және материалды толық игеруді күшейтеді [5].

Осы интерактивті құралдардың бірі интерактивті тақта – проектор мен компьютермен бірге қолданылатын құрылғы. Компьютерден алынған сурет проектордың көмегімен кәдімгі экрандағы сияқты интерактивті тақтада көрсетіледі. Қалам немесе саусақты пайдаланып компьютер қолданбаларын басқаруға немесе тақтадан шықпай-ақ кескіннің үстіне жазбалар жасауға болады.

Кез келген интерактивті тақтада оның мақсатына қарай әртүрлі мүмкіндіктер жиынтығын қамтитын бағдарламалық материалдар қамтамасыз етілген. Компьютерден кескіннің үстіне қарапайым сурет салудан немесе жұмыс нәтижелерін сақтау мүмкіндігі бар виртуалды ақ парақтаға дейін басқарылатын нысандармен, беттерге ендірілген бейнеклиптермен және тақтамен жұмыс істеуді жеңілдететін көптеген мүмкіндіктермен түрлі ұйымдастырылған оқу қызметтері мен презентациялар жасау.

Балабақшада ұйымдастырылған оқу қызметтерінде интерактивті тақтаны қолдану жолдары өте алуан түрлі және тек тәрбиеші-педагогтың қиялымен шектелуі мүмкін. Олар презентациялар, интерактивті оқыту бағдарламалары және графикалық, бағдарламалық орталарда жобаларды құру, т.б болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың басқа технологиялардан айырмашылығы дұрыс ұйымдастырылған біліммен қанықтыруға ғана емес, сонымен қатар зияткерлік, интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді, сондай-ақ, жаңа білімді өз бетінше меңгеру қабілетілігімен айқындалады. Компьютердегі ақпаратты мәтін, графика, дыбыс, сөйлеу, бейне түрінде бір уақытта жаңғырту, деректерді есте сақтау және үлкен жылдамдықпен өңдеу мүмкіндігі мамандарға балалар үшін барлық қолданыстағы ойындардан түбегейлі ерекшеленетін жаңа әрекет құралдарын жасауға мүмкіндік беретін құралдар [1]. Осының барлығы өмір бойы білім берудің бірінші буыны болып табылатын мектепке дейінгі тәрбиеге сапалы жаңа талаптар қоюмен қатар, оның басты міндеттерінің бірі бала тұлғасының жан-жақты дамуының негізін қалау болып табылады.

Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіне ақпараттық технологияларды, оның ішінде мультимедиялық технологияларды енгізу қажет.

Мультимедиялық технологиялар қазірдің өзінде мектепке дейінгі тәрбиеде кеңінен қолданылады және ұйымдастырылған оқу қызметін дәстүрлі өткізуден артықшылығы ерекше. Мультимедиа әртүрлі формаларды бір уақытта қолдануды қамтиды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесінде мультимедиялық технологияларды қолдану отандық мектепке дейінгі педагогикадағы жаңа әдістердің бірі болып табылады. Біздің елімізде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу процесіне дербес компьютерді енгізудің ерекшелігі – компьютерлер алдымен отбасында, содан кейін балабақшада-ұжымдық тәрбие

жағдайында қолданылады. Баланың шығармашылық дағдыларын мен оның жеке басын қалыптастыру, мектепке дейінгілердің зияткерлік саласын байыту құралы ретінде компьютерді пайдалану тәрбиешінің мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Сонымен қатар, балаларды компьютерлік оқыту бағдарламаларына тартуға негіз жасайды.

Интернет-ресурстарды пайдалану мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-тәрбие процесін ақпараттандыратын, әсерлі, ыңғайлы етуге мүмкіндік береді және тәрбиешінің балаларды оқуға деген ынтасын арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, оң нәтижелерге жеткізеді:

- мектеп жасына дейінгі балаларды олардың бейнелі-концептуалды тұтастығы мен эмоционалдық бояуы бойынша біліммен байытады;
- балалардың материалды меңгеру процесін психологиялық тұрғыдан жеңілдетеді;
- балалардың жалпы ой-өрісін кеңейтеді;
- тәрбиешінің іс-әрекетіне қызығушылық танытады;
- оқу үрдісінде көрнекіліктерді қолдану деңгейі артады [6].

Ақпараттық құралдарды шебер үйлестіру тәрбиешінің біліктілігі мен шеберлігіне, ол қолданатын әдістемесіне және компьютерді меңгеру деңгейіне байланысты. Сондай-ақ, компьютерлік технологиялар балалармен тікелей тұлғааралық қарым-қатынасты алмастырмай, тек алға қойылған міндеттерді шешуге көмектесетін тәрбиеші-педагогтың жұмыс жүйесіне кіріктірілуі керек.

Қазіргі уақытта білім берудегі мультимедиялық технологиялар перспективалы бағыттардың бірі. Осындай технологияларды қолданудың табысы білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасына және тәрбиеші-педагогтардың біліктілігіне байланысты.

Мектепке дейінгі білім беру тәжірибесіне мультимедиялық технологияларды енгізу бүгінгі күні ақпараттық кеңістік пен бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникацияның мүмкіндіктері мен ресурстарының ауқымын білдіреді. Мультимедиялық технологиялар арқылы микроәлем мен процестері мен құбылыстарын заманауи бейнелеу иллюстрациялары мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тиімді оқу ортасын құруға көмектеседі [7].

Мектепке дейінгі ұйымдарда мультимедиялық технологияларды оқу процесін жетілдіру құралы ретінде пайдалану бойынша жұмыс тәжірибесін зерделеп көрсеткендей, тәрбиешілер ActivInspire бағдарламасының критерийлерін қажет етеді. Сондықтан біз осыған сәйкес бірқатар критерийлерді әзірледік:

1. Көрсетілетін ақпарат баланың жасына сәйкес болуы керек.
2. Бейнеролик немесе басқа да ақпарат балаға түсінікті болуы керек.
3. Ақпараттар эстетикалық талаптарға сай ресімделуі керек.
4. Елдің, өлкенің этникалық ерекшеліктерін ашатын фильмдерді таңдау жақсы.
5. Кейіпкерлердің сөзі үлгі болып, өзінің дыбыстық, лексикалық, грамматикалық ресімделуі бойынша нормативтік көрсеткіштерге жауап беруі тиіс.
6. Ақпарат балада оң эмоционалдық реакцияларды тудыруы керек.
7. Мультипликациялық фильмдер патриоттық сезімдерді, Отанға, туған өлкеге деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға, жағымды адамгершілік қасиеттерді – мейірімділік, қайырымдылықты, адалдықты және т. б. тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.
8. Белгісіз мультфильмнің кадрларын сюжеттік реттеу кезінде балалар қиялын белсендіру
9. Ақпаратты көргеннен кейін кері байланыстың болуы.

Осы критерийлерді басшылыққа ала отырып, төмендегідей тапсырмалар жүйеленді:

- үлестірмелі материалдар (бейнероликтен алған ақпараттары бойынша қиынды суреттер мазмұн құрастыру) ;
- шығармашылық тапсырмалар (көрген ертегілерін мазмұндап айтады және өз қиялымен аяқтау);
- дидактикалық ойындар (дыбыстар, қимыл іс-әрекеттер және т.с.с.)
- суретті альбом (ақпараттарды салыстыру);
- мнемокестелер (тақпақтар, жұмбақтар, өлеңдер, жаңылтпаштар және т.б.);

Мәселен, мультимедиялық әдіспен жұмыс істеу үшін, біріншіден, иллюстрациялық және ақпараттық материалды таңдау қажет, екіншіден, ертеңгіліктер мен басқа да іс-шаралардың